

## Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 27 ақпандағы № 14/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 наурызда № 4172 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының әкімдігінің 2021 жылғы 19 қаңтардағы № 05/01 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының әкімдігінің 19.01.2021 № 05/01 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы", 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына сәйкес, Жаңаарқа ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік нысанына және ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарда қызметкерлердің тізімдік санынан пайызбен көрсеткенде қосымшаға сәйкес мүгедектер үшін 3%-дан 4%-ға дейінгі көлемде жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қанат Шұбайұлы Қожықаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ф. Омаров*

Жаңаарқа ауданы әкімдігінің  
2017 жылғы 27 ақпандағы  
№ 14/02 қаулысына  
қосымша

## Мүгедектер үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін ұйымдардың тізімі

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның көлемі ( % қызметкерлердің тізімдік санынан )	Мүгедектер үшін жұмыс орындарының саны (адам)
1.	"Жаңаарқа аудандық орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	289	4	11

2.	Жаңаарқа ауданы әкімдігінің Жаңаарқа ауданының білім бөлімінің "№132 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	134	3	4
3.	"Жаңаарқа-жылу" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	1 7 3	3	5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК